

Қаракемер мектеп-балабақшасының 2023-2024 оқу жылында 6-сыныпта жүргізілген тәрбие жұмысының жылдық талдауы

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша жалпы сыныпта 7 оқушы бар, олар 5 қыз және 2 ұл. Сыныпта 4 екпінді, 2 қанағаттанарлық, 1 ерекше білім беруді қажет ететін оқушы бар. Сыныпта басқа мектептен басқа сыныптан ауысып келген оқушылар жоқ. Әлеуметтік құрамы орташа. Материалдық жағынан жеткілікті қамтылған.

Көп балалы отбасы ретінде: 7(Бахитов Ералы, Серікқалиқызы Жангүл, Санатқызы Арайлым, Серікбаева Құндыз, Серікбаева Жанбота, Кенжебаев Нұртіле, Нұрлықанқызы Жұлдызай)

Тәрбие бойынша 2023-2024 оқу жылының сынып сағаттарының жоспары бекітілді. 6-сынып тәрбие сағаттары және сыныптан тыс тәрбие сағаттары өткізілді. Қыркүйек айы бойынша “Мектебім-мейірім мекені!” атты жаппай ашық тәрбие сағаты өткізілді. Қазан айы бойынша 1 қазан қарттар күніне байланысты “Қарттарым асыл қазынам” атты тәрбие сағаты өтті. Және сыныптан тыс “Ұстаз жолы ұлылық” атты сыныптан тыс тәрбие сағаты 5-сыныппен бірлесе ұйымдастырылды. мектебіміздің ардагер ұстазын Батырғалиева Ақсәуле Еңсегенқызын шақырдық.



Қараша айы бойынша “Мейірімділік-асыл қасиет” және желтоқсан айы бойынша тәуелсіздік күніне байланысты “Тәуелсіздік баға жетпес байлығым” атты тәрбие сағаты өтті. Республика күні «Көк тудың желбірегені» 25 – қазан Республика күні «Ұрпаққа аманат жобасы» **Талап:** дұрыс қарым-қатынас орната білу. **Ар-ұят:** әдеп нормаларын ұстану

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу. **Талап:** дұрыс қарым-қатынас орната білу.



Қаңтар айы бойынша “Өрт тілсіз жау” атты түсіндірме тәрбие сағаты өтті. Қыс айының қауіпсіздігі бойынша түсіндірме айтып, колхат қойды. Қыс айындағы қауіпсіздікке салюттер және соған ұқсас жарылатын заттар туралы қауіпсіздік талқыланды.



Ақпан айы бойынша “Өзінді мамандықтар әлемінде тап” және наурызда “Ізгіліктің бір ізі-алғыс айту”, “Салт дәстүрлер жаңғыруы” атты тәрбие сағаттары өткізілді. 9-сыныппен бірігу арқылы “Қош келдің өз Наурыз”



атты шарада өз өнерлерін ортаға салды. Дәстүр мен ғұрыпты көрсетіп, ақ тағамдарды ұсынып, қандай өнімдерден жасалатынын атап айтты. Сәуір айында “Экология ел амандығы” және мамыр айында “Ұлттар достығы және “Жеңіс туы желбіреп” атты ашық сынып сағаттары

өткізілді. Оқушылар өз белсенділіктерін көрсетіп, жақсы деңгейде өтті. Жеңіс күніне байланысты сыныпқа видеоролик көрсетіліп, жеңіс туралы ақпараттандырылды.

Сонымен қатар жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар кенінен жоспарланды. Мектеп әкімшілігімен «Мектепке жол» акция аясында бірлесіп атқаратын жұмыстардың көлемі бекітілді. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды ұйымдастыру шаралары бірлесіп жасалды.



Оқушылар сыныптан тыс іс-шараларға өте белсенді болды. Атап айтатын болсам, “Алтын күз-2023” бас жүлдені иелендік (Бахитов Ералы мен Нұрлықанқызы Жұлдызай) “Жайдарман” секілді мектепішілік сайыстардарда жүлделі бірінші орындарды иеленді. Өздерінің қабілеттері арқылы жетістіктерге жетіп жүр.



Білім жағынанда өздерінің бақтарын сынап, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ “**Мың бала**” республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен өткен “**Мағжан оқулары**” сайысына қатысып **Серікбаева Жанбота** мен **Нұрлықанқызы Жұлдызай** бас жүлделі орын, **Санатқызы Арайлым** мен **Серікқалиқызы Жангүл** жүлделі 1 орынды иеленді. Сонымен қатар ауданымызда өткен **Республикалық Мағжан оқуларының** аудандық кезеңіне қатысып жүлделі 3 орынды иеленді. Үйірме бойынша да жарысқа қатысып өз белсенділіктерін көрсетті. Ауданда өткізілген “Қол күрес” және “Тір көтеруден” жүлделі орын алды.



Бахитов Ералы ауданда өткізілген гiр көтеру сайысынан жүлделi 3 орынды алды.

Жыл бойы үйiрмелерге қатысты, атап айтсақ:

р/с	Оқушының аты-жөнi	Үйiрме(қайда? Қандай?)
1	Серiкбаева Жанбота	Волейбол, күрес
2	Серiкқалиқызы Жангүл	Волейбол
3	Санатқызы Арайлым	Волейбол
4	Нұрлықанқызы Жұлдызай	Волейбол
5	Бахитов Ералы	Волейбол, күрес, гiр көтеру
6	Кенжебаев Нұртілек	Күрес
7	Серiкбаева Құндыз	-

Тәрбие бағыты бойынша өткізілген тәрбие сағаттары:

Тәрбие бағыттары	Өтілген тәрбие сағаттарының саны
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ	15
АР-ҰЯТ	13
ТАЛАП	6

Тәрбие сағаттары жоспарға сәйкес барлығы қамтылып отырды.

Ата-аналармен жұмыс:

2023-2024 оқу жылында 6-сыныптың ата-аналар жиналысы жұмыс жоспарға сәйкес 4 отырыс өтті. Қыркүйек, желтоқсан, наурыз, мамыр айларында отырыс өтті. Ата-аналар да өз белсенділіктерін танытып, қалмай қатысып келеді, балаларының білім сапасымен, тәрбиелік ерекшеліктерімен таныс. Үнемі ата-аналардан сауалнама, демалысқа шығардын ала қауіпсіздік қолхатын алынып отырды.



Сынып жетекшісі: Бақытова Ә.М